

*Қазақстан  
XIX ғасырдың  
басында*



**ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІН  
ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ.  
«АЛАШ» ҰЛТТЫҚ  
ҚОЗҒАЛЫСЫНЫН  
ҚАЛЫПТАСУЫ.**

*Қазақстанның 1991 жылы тәуелсіздікке  
ие болуы, егемен ел тарихына деген  
қызығушылықты арттыра түскені сөзсіз.*

*Академик М. Қозыбаев алаштану  
салаларын зерттеуді Алаш ұғымының  
тарихи негіздерін бастауды көрсетті.*

*Ал ғалым Т. Омарбеков алашшыл  
зиялылардың кеңестік кезеңдегі  
атқарған қоғамдық-саяси қызметіне және  
тағдырына байланысты құнды  
зерттеулер легін бастады.*

*1917 жылдың жазына қарай қазақтың либералдық-демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі әлсіреді. Уақытша үкімет нағыз демократиялық тұрғыдан ұлт және аграрлық мәселерді шешу тұрмақ, оған талпыныс та жасамады. Басқа халқының өзін-өзі билеу, Қазақстанның өз алдына ұлттық-территориялық автономия болуы жөніндегі мәселені мемлекеттік дәреже деңгейіне көтереді деген үмітті Уақытша үкімет аяқ асты етті.*

*Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы  
21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті.  
Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал,  
Жетісу, Сырдария облыстарының өкілдері  
қатынасты. Съездге қатысушылар саны аса  
көп болмағанына қарамастан, оның күн  
тәртібіне сол кездегі Қазақстанның  
әлеуметтік-экономикалық және  
қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы  
бар аса маңызды он төрт мәселе енгізілді.*

1. Мемлекет билеу түрі
2. Қазақ облыстарында автономия
3. Жер мәселесі 4. Халық милициясы
5. Земство (губерниядағы не уездегі жергілікті басқару мекемелерінің жүйесі)
6. Оқу мәселесі
7. Сот мәселесі 8. Дін мәселесі
9. Әйел мәселесі 10. Депутат дайындау
11. Мұсылмандар кеңесі
12. Қазақ саяси партиясы
13. Жетісу облысының оқигасы
14. Съездге қазақтан өкіл жіберу

Халел Досмұхабетовтың  
төрағалығымен,  
Ахмет Байтұрсыновтың,  
Міржакып Дулатовтың және т.б.  
хатшылығымен өткен бірінші  
жалпы қазақтық съезд делегаттары  
осы он төрт мәселенің ішінде өздерінің  
басты назарын ұлттық автономия,  
жер, құрылтай съездіне дайындық  
және қазақтың саяси партиясын  
құру проблемаларына аударды.

*Съезде А.Байтұрсынов пен  
М.Дулатов «автономиялы  
тәуелсіз қазақ мемлекетін  
құру» идеясын ұсынды.*

*Ал Ә.Бөкейханов  
«демократиялық, федеративтік  
және парламенттік Россия  
республикасының құрамындағы»  
қазақтың ұлттық-территориялық  
автономиясы болуын қолдады.*



**Алаш қозғалысы ХІХ ғ.с. мен ХХ ғ.б-да Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді.**

**Алаш партиясын құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері**

**Әлихан Бөкейханов,  
Ахмет Байтұрсынов,  
Мұстафа Шоқайұлы,  
Мұхаметжан Тынышбаев,  
Міржақып Дулатов,  
Халел Досмұхамедов,  
Жаһанша Досмұхамедов,  
Әлихан Ермаков,  
Жақып Ақбаев,**

**Халел Ғаббасов, т.б. ондаған қайраткерлер  
1905-1917 жылдар аралығында қажырлы еңбек етті.**

## *«Алаш» партиясы*

- Құрылды: 1917 жылы*
- Төрағасы: Ә.Бөкейханов*
- Мақсаты — XVIII ғ-да жойылған қазақтардың ұлттық мемлекетін қайта қалпына келтіру*


# Партияның негізгі бағдарламалық міндеттері ретінде:

- ◆ Елді отарлық күлдықтан құтқару;
- ◆ Қазақ қоғамын ортағасырлық жағдайдан алып шығып, мәдениетті елдер қатарына қосу;
- ◆ Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінде түбірлі өзгерістерді жүзеге асыру жарияланды.

# *«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасындағы тоғызыншы тарауда «Ғылым-білім үйрету» жөнінде*



- ❖ *оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық, ақылы жеткілікті жастағы балаларға қазақ тілінде оқылады;*
- ❖ *жұртқа жалпы оқу жайлы; бастауыш мектепте қазақ тілінде оқылады;*
- ❖ *қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуға;*
- ❖ *оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеуі;*
- ❖ *мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы;*
- ❖ *ел ішінде кітапханалар ашылу туралы айтылады.*
- ❖ *газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік - деп көрсетілген*



*"Алаш" партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастайды. Мәселен, Ә. Бөкейхановтың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12-20 жұлдызы аралығында партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылады*

*Өтпелі саяси ұйым  
болғандығына қарамастан,  
қоғамдық - саяси өмірге араласа  
бастаған кезден түбірлі екі  
ұлттық мақсатты — қазақ  
халқын отарлық езгіден  
құтқаруды және қазақ қоғамын  
өркендетті елдер қатарына  
жеткізуді өзіне басты нысана  
етіп белгіледі.*




*Қазақ зиялылары*






А. Байтұрсынов қазақ  
зиялыларымен бірге






«Халық жасуларын» ату.





*1919-20 жылдары Совет өкіметі Алаш қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстан ғылымының, оқу-ағарту ісінің, әдебиеті мен өнерінің, халық шаруашылығының дамуына қомақты үлес қосқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері, ең алдымен Алаш пен Алашордаға жетекшілік жасаған қайраткерлер, түгелге дерлік жалған жаламен «халық жауы» аталып, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандары болды.*

*П.Русановтың "Алашординская  
контрабанда" мақаласына орай  
БК (б)П Қазақ Өлкелік Комитеті  
1935 жылы 15 көкекте пленум өткізіп,  
"контрреволюциялық ұлтшылдық идеоло-  
гияны таратуға қызмет етуіне" байла-  
нысты "Алаш" атауын пайдаланудан  
шұғыл алып тастауға қаулы қабылдайды.  
Сөйтіп, 1989 жылдың шілде айына дейін  
"Алашты" айтуға тиым салынады.*



Назарларыңызға  
рахмет!

